

ПАРСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

Сулейменова Г.

ҚазҚызМПУ-дың шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы,

Ғылыми жетекші: **ф.ғ.к. Садықова Р.К.**

Парсы тілі үндіеуропалық тілдер семьясына жатады. Парсы тілі ортағасырлық парсы әдебиетінің және Қайта жаңғыру дәуіріндегі әдебиеттің аса бай мұрагері болып табылады. Қазіргі кезде парсы тілінде сөйлейтіндердің саны барынша мол.

Әр тілде сөздердің екі жағы бар: а) сөздің формалық (түр) жағы (ауызша сөзде сөздердің дыбыстық бейнесі); ә) сөздердің мағынасы [1].

Парсы тілі мен қазақ тілі лексикалық жүйелерін салыстырғанда мынандай ұқсас қатынастарды көре аламыз:

1. Қазақ тілі мен парсы тілі екеуі екі тілдер тобы болғанымен, бұл екі тілде айтылуы да, мағынасы да бір-біріне сәйкес келетін сөздер бар. Оларға мына сөздер жатады. Мысалы: [булбул], «бұлбұл», [гол] «гүл», [тути] «тоты», [нон] «нан», [алефбо] «әліппе», [пок] «пәк» және т.б. сөздер парсы тілінен біздің қазақ тіліне еніп сіңісіп кеткен. Дегенмен, мұндай сөздерді айтқанда, айтылуында аздап өзгешелік болады. Бұл қиындықты фонетикалық жаттығулар барысында жойып, сөздердің парсы тілінде айтылуына көңіл бөлу қажет. Бірақ мұндай сөздің мағынасын меңгеруге ешқандай қиындық болмайды. Осы секілді парсы тілінен енген сөздердің саны қазақ тілінде шамамен 3 мыңнан астам.

2. Екінші топқа парсы тілі мен қазақ тілінде дыбысталуы ұқсас болғанымен, мағынасы жағынан сәйкес келмейтін сөздер жатады. Мысалы: парсы тілінде [су] деген сөз «бағыт», «тарап» деген мағынаны берсе, бұл сөз қазақ тілінде жер бетінде кездесетін кәдімгі тасты береді [2]. Парсының [табан] сөзі парсы тілінде «жарық» деген мағынаны береді , ал бұл сөз қазақ тілінде адамның дене мүшесінің бірі болып табылады. Осы секілді сөздердің саны оншалықты көп емес. Дегенмен, дыбысталуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы жағынан өзгешіліктері бар сөздерді пайдаланғанда студенттер интерференцияға тап болады. Яғни, оқу барысында студент [су] сөзіне көзі түскенде немесе есіткенде күнделікті қазақ тілінде қолданатын «су» деп ойлайды. Мұндай жағдай тиімсіз ықпалға соқтырып студенттердің тіл үйренуіне әбден қиындықтар тудырады. Сондықтан, әсіресе алғашқы сатыда оқытушы интерференцияны болдырмау үшін арнайы жұмыс істеп, сабақ барысында ана тілінің интерференциясын ескеріп, арнайы жұмыс істеулері керек.

Бұл топқа жататын сөздер парсы тілін жанадан меңгеріп жатқан қазақ тілді студенттерге қиындық тудырады. В.В. Акуленко мұндай сөздерді «аудармашының жалған достары» деп атайды[3].

3. Дыбысталуында ұқсастық жоқ, ал мағыналары жартылай ғана ұқсас сөздер, яғни екі тілдегі сөздердің кейбір мағыналары ғана сәйкес келгенімен, басқа мағыналары бөлек болады. Бұл сөздерді екі топқа бөлуге болады:

а) парсы тілі сөзінің мағына аясы қазақ тілі сөзінің мағына аясынан кеңірек. Мысалы: [шир] «арыстан», «сүт», «кран», [шанэ] «тарақ» болып табылады.

Мысалы: студенттер бастапқы сатыда [мән шир хурдәм] деген сөйлемде [шир] сөзінің тек «арыстан» деген мағынасын біліп, ал қалған мағыналарын білмесе «мен арыстан жедім» деп аударады. Бұл сөздің сондай-ақ «сүт», «кран» деген мағыналары бар. Осы сөйлемді «мен сүт іштім» деп аударса дұрыс болар еді. Сол үшін бастапқы сатыда оқытушы алдымен студенттерге сөздердің мағынасын және олардың мағынасына қарай сөйлемде қолдануын үйрету қажет.

в) парсы тілі сөзінің мағына аясы қазақ тілі сөзі мағына аясынан тарырақ: Мысалы: [зиба], [кәшәнг], [mah], [хошгәл] «әдемі», [ханэ], [мәнзел] «үй» және осы секілді сөздерді көптеп келтіруге болады.

Мағынасы қазақ тіліндегі сөздерден тар болып келетін [хатернак], [пор хатәр], [вәһшәтнәк], [һолнәк] «қорқынышты» сияқты сөздердің парсы тілінде жоқ мағыналарын студенттер өз ана тілдеріндегі осы сөздерге сәйкес сөздердің барлық мағыналарында қолданады да, қате жібереді [4].

Осылай, екі тілдің лексикалық жүйелерін салыстыру нәтижесінде парсы тілі мен студенттің ана тіліндегі сөздер арасындағы айырмашылықты анықтау арқылы біз қазақ студенттерінің

парсы тілі сөздерін меңгеруіне тиімді, тиімсіз ықпалға көңіл аударамыз. Оқытудың бастапқы кезеңінде ана тілі дағдылары басым болғандықтан, оның шетел тілін меңгеруге тиімді, тиімсіз ықпалы болатыны сөзсіз, ал екі тілдегі сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығын білу арқылы ана тілінің шетел тіліне тигізер кері ықпалын /интерференцияны/ бірте-бірте жоюдың да жолдарын табуға болады. Оған студенттердің шетел тіліндегі сөйлеу тәжірбиесін жетілдіру арқылы қол жеткізіледі. Осы себепті парсы тілі лексикасын әдістемелік тұрғыдан топтастырып, олардың қиындық дәрежесін анықтаудың маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абдигалиев С.А. Пути преодоления лексической интерференции при обучении немецкому языку. Канд. дис. Москва, 1975 .-211 стр.
2. Адамбаева Ж.Д. Орыс мектептерінің оқушыларына арналған қазақ тілінің сөздігі.- Алматы: Мектеп, 1989. -86 б.
3. Акуленко В.В. Англо-русский. и русско-английский словарь «ложных друзей переводчика» .-Москва: Государственное издательство словарей, 1969 . – 373 с.
4. Рүстемов Л.З. Парсы тілінің ізашары .Тегеран, 1994 .

Резюме

В этой статье рассматривается сравнительный анализ лексики персидского и казахского языков.

Summary

Comparative analysis of lexis of persian and Kazakh languages is considered in this article.